# Сүйем сені, Туған жер!

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 5 В011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының ІІ курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Сүйем сені,Туған жер!» атты мерекелік іс-шара өтті.

Іс-шараның мақсаты: Елбасы жолдауын насихаттау, жас ұрпақтың туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, отаншылдық сезімін ояту, халқымыздың талантты ақындарының өлеңдері мен ата-балардың өнеге етіп қалдырған даналық сөздері арқылы атамекенін сүюге, ұлтжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Шара барысында өнерлі ұл-қыздарымыз сындарлы тарихымызға көз жіберіп, қазақ елінің тарихи кезеңдеріне сахналық көрініс жасады. Жалынды жырлар оқылды, әуезді ән шырқалып, әсем бимен айшықталды.

Әсемгүл Ысқақова,
АрқМПИ қазақ тілі
мен әдебиеті мамандығының
ІІ курс студенті